

## Республикалық валюта қорын құру жөніндегі қосымша шаралар туралы

### **Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 3 маусым 1993 ж. N 449. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 27 шілдедегі N 781 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Президентінің "1993 жылы Қазақстан Республикасында валюта қорын құру туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1092 қаулысын орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясына мемлекеттік маңызы бар өнімнің бекітілген квотадан тыс қосымшага сәйкес экспорттың қамтамасыз ету, валюта түсімін Республикалық валюта қорына аудару жүктелсін.

2. "Қазконтракт" акционерлік бірлестігі осы қаулы шегінде жүзеге асыратын өнім сатып алу жөніндегі тапсырыстарға алдын ала ақы төлеу шартына сәйкес, республиканың өнім беруші кәсіпорындары үшін шарттар жасасу міндеттілігі режимі қолданылады деп белгіленсін.

3. "Қазконтракт" акционерлік бірлестігінің "Нордекс" (Австрия) компаниялар тобымен, Магнитогорск металлургия комбинатымен және Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатымен "Нордекс" компаниялары тобы үстеме валюта төлемі негізінде Қазақстан Республикасынан алғын темір кені үшін Магнитогорск металлургия комбинатының төлемдерін корпорацияның төлеуін көздейтін келісім-шартты іске асыру жөніндегі инициативасы мақұлдансын.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне "Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясына экспортқа шығаруға арналған өнім сатып алу үшін мақсатты несие бөлу ұсынылсын, ал Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір апта мерзімде корпорацияның шығынын, сондай-ақ оның валюта ақысының мөлшерін соммен өтеу жөнінде "Қазконтракт" акционерлік бірлестігімен келісілген ұсыныс Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне енгізсін.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 3 маусымдағы

N 449 қаулысына

Қосымша

Экспортқа шығарып, валюта түсімін Республикалық  
валюта қорына аудару үшін "Қазконтракт" акционерлік  
бірлестігі бөлестін

ӨНІМ КВОТАЛАРЫ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШДЖҚ РМК